

«Әдістемелік вернисаж» әдістемелік идеялардың республикалық конкурсының қорытындысы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының 2014 жылғы 21 ақпандағы №17 «Әдістемелік вернисаж» әдістемелік идеялардың республикалық конкурсын өткізу туралы» бұйрығын орындау мақсатында «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК филиалы ағымдағы жылдың ақпан – қазан айларында «Әдістемелік вернисаж» әдістемелік идеялардың республикалық конкурсын өткізді.

Конкурс балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін іске асыру және кәсіби шеберліктерін жетілдіру, инновациялық идеяларды, озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және насихаттау мақсатында өткізілді.

Конкурс екі кезең бойынша өтті: облыстық, Астана, Алматы қалалары және республикалық. Республикалық конкурстың қорытынды кезеңіне еліміздің 14 облысынан, Астана, Алматы қалаларынан 127 жұмыс келіп түсті. Конкурстық жұмыстар қосымша білім беру жүйесінің бес бағыты бойынша үш номинация бойынша ұсынылды:

- 1) балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары;
- 2) білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету;
- 3) балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының әдістемелік қызметін көрсететін материалдар.

Конкурсқа жалпы орта білім беретін және балаларға қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері қатысты.

Конкурсты ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына Қарағанды (28), Қостанай (16), Алматы (13), Шығыс Қазақстан (11), Павлодар (11) облыстарының білім беру жүйесінің педагогтері белсенділік танытты. Аталған облыстардағы облыстық оқу-әдістемелік орталықтары конкурстың облыстық кезеңін өткізді және конкурстың республикалық кезеңіне Ереже талаптарына сәйкес жұмыстар ұсынылды.

Алматы қаласы және Маңғыстау облысы қосымша білім беру ұйымдары қызметінің бес бағыты бойынша бір ғана конкурстық жұмыстан ұсынды, Ақмола, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстары 2 жұмыстан жіберді.

Республикалық конкурсқа қосымша білім беру жүйесінде пайдаланылатын соңғы екі жыл ішінде әзірленген келесі әдістемелік материалдар ұсынылды: балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары; білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету; құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар; көрнекі оқу құралдары; әдістемелік оқу құралдары; білім беру және зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік зерттемелер; тәрбие жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету; балалардың шығармашылық қабілетін дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету; балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының әдістемелік қызметін көрсететін материалдар.

Конкурстық материалға қойылатын негізгі талап: қазіргі білім алушылардың қажеттіліктеріне сай және заманауи қосымша білім берудің мәселелерін шешуге лайықты инновациялық педагогикалық идеяның, технологияның, тәжірибенің болуы.

Конкурстық жұмыстарды сараптау барысында қазылар алқасы келесі белгілерді (критерий) басшылыққа алды:

тұтастық (мақсаты мен міндеттерінің айқын тұжырымдалуы; мақсаты мен міндеттерінің күтілетін нәтижелермен, мазмұнымен, оқыту нысаны және әдістерімен өзара байланысы; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асыру тәсілдерін негіздеу);

нәтижелілік (күтілетін нәтижелердің анықталуы, оларды бағалау белгілері және тексеру тәсілдері; білім беру нәтижелерін анықтау тетігі);

әдістемелік зерттелуі (автор пайдаланған әдістердің негізділігі; техникалық және дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі – оқытуға қажетті құрал-саймандар, әдебиеттер тізбесі);

инновациялылығы (автор ұсынған материалдың түпнұсқалық негізділігі, қолданыстағы материалдармен салыстырғандағы жаңалығы және басымдылығы);

өзектілігі және педагогикалық мақсаттылығы (авторлық жинақтар мен қосымшалар үшін).

Конкурстың негізгі принциптері: ашықтық, бағалау белгілерінің айқындығы, шешім қабылдаудағы алқалылық, барлық қатысушылар үшін шарттардың теңдігі болып табылады. Республикалық конкурсқа келіп түскен жұмыстарды құрамында 3 ғылым докторы, 7 педагогикалық ғылымдарының кандидаты қамтылған білікті қазылар алқасы бағалады.

Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінің әлеуметтік-педагогикалық қызмет бағыты бойынша қазылар алқасы: Аганина Құндыз Жәмиқызы, педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры; Хан Наталья Николаевна, педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры; Колумбаева Шолпан Жаксыбаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры 37 конкурстық жұмысты үш номинация бойынша бағалады: «Балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары»; «Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету»; «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының әдістемелік қызметін көрсететін материалдар».

Қосымша білім педагогтері ұсынған конкурстық жұмыстарда қазіргі таңда болып жатқан өзгерістердің балаларға арналған қосымша білім беру саласына тигізген оң ықпалы байқалады. Барлық конкурстық жұмыстар тәжірибеге бағытталған, балаларға арналған қосымша білім беру жүйесіндегі білім беру процесінің басым бағыттарына сай, баланың жеке тұлғасын дамыту үшін қажетті жағдай құруға негізделген.

Конкурстың қазылар алқасы қосымша білім беру педагогтерінің көп жылдық қызметтерінің нәтижесі көрсетілген жұмыстардың өзектілігі мен тәжірибелік маңыздылығын атап көрсетеді. Бірқатар әдістемелік материалдар түрлі бағыттағы қосымша білім беретін оқу бағдарламасын кең көлемде

меңгеретін оқу-әдістемелік кешен болып табылады, сонымен қатар олардың тиімділігін арттырады. Барлық әдістемелік нұсқаулар білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы іске асыру барысында әр кезең бойынша нақты міндеттер қоя отырып әзірленген, бұл педагогтердің жоғары кәсіби деңгейлерін көрсетеді. Әдістемелік материалдар қазіргі талаптарға сай рәсімделген, құрылымы жүйелі, логикалық тұрғыда дұрыс. Конкурса ұсынылған әрбір материал қосымша білім педагогтері үшін айтарлықтай құнды.

Конкурстық жұмыстардың сараптамасы бойынша қосымша білім берудің педагогикалық саласында инновациялық қызметке деген қызығушылықтың артқандығын атап өтуге болады.

Конкурстық жұмыстардың басым бөлігі балаларға арналған көркем-эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының педагогтерінің жұмыстары болып табылады. Көркем-эстетикалық бағытта ұсынылған әдістемелік материалдардың аралас болуына байланысты музыкалық бағыт және көркемөнер бағыты деп екіге бөліп қарастыру туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, конкурсты қорытындылау барысында бірнеше әдістемелік материалдар бағдарламалық-әдістемелік құралға біріктірілді, себебі, мазмұны бойынша бір жұмысты екінші жұмыстан бөліп қарауға болмайды.

Көркем-эстетикалық бағыт (көркемөнер) бойынша қазылар алқасы Ақбаева Шолпан Әбілғазықызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институтының доценті; Ибрагимов Аман Илесович, педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институтының аға оқытушысы; Белгібаева Майра Берікқызы, Алматы қаласындағы «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РҚМК филиалының жетекшісі 36 конкурстық жұмысты бағалады.

Қазылар алқасы конкурса ұсынылған жұмыстардың ішінде көптеген материалдар педагог кадрлардың педагогикалық шеберліктерін және үлкен дәрежелі шығармашылық деңгейіне ұмтылу қабілеттерін көрсететін қызықты да мазмұнды жұмыстар деп атап көрсетті. Аталған бағыттағы көптеген оқу-әдістемелік жұмыстар өзектілігімен, нақтылығымен және үлкен потенциалдық талаптармен авторлық болып табылады. Конкурстық жұмыстардың авторлары жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру үрдісіне қойылатын қазіргі әлеуеттің талаптарына сәйкес тандап алған техниканың шығармашылық, рухани және дидактикалық потенциалын үйлесімді біріктіре білген. бағдарламны іске асыру үшін педагогтің тандап алған пәнаралық және кіріктіру тәсілі уақыт талабына сай және көркем шығармашылық саласында инновациялық әдіс болып есептеледі.

Көптеген конкурстық жұмыстардың педагогикалық тұжырымдамасы креативтік ойлау қабілетін қалыптастыруға негізделген, бұл оқушыға ақпараттық кеңістікте бейімделуге, игерген білімін өз бетінше дұрыс

құрастыруға мүмкіндік береді, нәтижесінде негізгі құзыреті қалыптасады: еңбек, коммуникативтік, әлеуметтік.

Десек те, конкурсқа талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар келіп түсті. Іріктеуден өтпеген материалдарда бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету, педагогикалық тұжырымдама негіздемесі, өзектілігі мен жаңалығы дұрыс берілмеген.

Көркем-эстетикалық бағыт (музыка) бойынша қазылар алқасы Сұлтанова Майра Сақтағанқызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚазМемҚызПУ музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті; Рауандина Шолпан Задановна, Мәдениет қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының доценті, ғылыми хатшы; Ахметова Айкуль Кадырбаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті 27 конкурстық жұмысты бағалады.

Аталған бағыт бойынша авторлық, жаңартылған және бейімделген балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары, балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің оқу үрдісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ететін материалдар ұсынылды.

Ұсынылған конкурстық жұмыстардың тақырыптарында қазіргі таңда болып жатқан өзгерістердің балаларға арналған қосымша білім беру саласына тигізген оң ықпалы байқалады. Педагогикалық кадрлардың балаларға арналған қосымша білім беру жүйесіне енгізуге арналған оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеуге деген жауапкершіліктері артқан. Оқу-әдістемелік материалдар түрлері бойынша қаншалықты ерекшеленсе де, тиісті талаптар бойынша әзірленбесе және рәсімделмесе, олардың педагогикалық мәні жеткіліксіз болады. Осы тұрғыдан алғанда, конкурсқа қатысушылардың еңбектері жинақталған тәжірибелері негізінде құрастырылған.

Қазылар алқасы жүргізген сараптама көрсеткендей, музыкалық білім беру саласында бірқатар инновациялық құндылықтар анықталды.

Экология-биологиялық, туристік-өлкетану, ғылыми-техникалық бағыты бойынша ұсынылған жұмыстардың саны аз болғандықтан экология-биологиялық және туристік-өлкетану бағыты, ғылыми-техникалық бағыт бойынша біріктірілді.

Аталған бағыт бойынша қазылар алқасы Каймулдинова Куляш Дүйсенбаевна, география ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры; Имангулова Татьяна Васильевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ спорт және туризм академиясының факультет деканы; Хлыновская Валентина Ивановна, Алматы қаласындағы «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РҚМК филиалының әдіскері 27 конкурстық жұмысты бағалады.

Атқарылған жұмыстың негізінде қазылар алқасы қосымша білім беру саласының аталған бағыттары бойынша мынадай жағымды өзгерістерді атап көрсетеді: көп жылдық тәжірибе негізінде жасалған кейбір әдістемелік

жұмыстардың деңгейі; қосымша білім беру педагогтерінің осындай конкурстарға қатысуға деген қызығушылықтары, экология, биология, география, тарих (өлкетану бағыты бойынша жұмыстар) сияқты білім саласын қамтитын оқу-әдістемелік материалдардың деңгейі артқан, кейбір әдістемелік құралдарды басып шығару арқылы кең көлемде пайдалануға ұсынуға болады. Үш жылдық оқыту мерзіміне есептелген балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары ерекше көңіл аударуға тұрады.

Әдістемелік материалдар нормативті-құқықтық және әдіснамалық, тұжырымдамалық негізі қазіргі білім беру жүйесін жаңғырту кезеңіне, еліміздің азаматтарын қалыптастырудың мемлекеттік және әлеуметтік тапсырысына, өскелең ұрпақ мүддесі мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Бағдарламалардың күтілетін нәтижелері мен мақсаттары өзекті және шынайы. Бағдарламалардың инновациялық сипаттамалары анықталған міндеттері мен оларды құрастыру барысындағы қағидаттарында (жүйелік іріктеу, ынтымақтастық, сенім және қолдау, вариативтік және алтернативтік, сондай-ақ білім беру үрдісінің технологиялары, мазмұны, балалар мен жасөспірімдерді түрлі қызмет түріне тарту) көрініс табады.

Конкурсқа қатысушылар ғылыми-техникалық жарыстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысқан тәжірибелері бар, жүлделі орын иегерлері.

Десек те, бірқатар конкурстық жұмыстарда бақылау-диагностикалық материалдары жоқ. Бұл әдістемелік қамтамасыз ету жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Ережеде көрсетілген конкурстық жұмысқа қойылатын талаптар сақталмаған. Осыған байланысты конкурстық жұмыстарды міндетті түрде облыстық кезеңде іріктеуден өткізу қажеттігі ұсынылады.

Болашақта қосымша білім педагогтері балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын және бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету материалдарын құрастыру барысында теориялық-әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік мазмұнына аса назар аударулары қажет.

Қосымша білім педагогтерінің арасында өткен «Әдістемелік вернисаж» әдістемелік идеялардың республикалық конкурсының қосымша білім беру жүйесінің бес бағытында үш номинация бойынша жеңімпаздар анықталды. «Әдістемелік вернисаж» әдістемелік идеялардың республикалық конкурсы жеңімпаздарының тізімі қоса беріледі (1-қосымша).

Қазылар алқасының ұйғарымы бойынша конкурсқа ұсынылған материалдардың ішінде Қарағанды қаласы Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы Балалар көркемөнер мектебі, Ақтөбе қаласы Қалалық көркемөнер лицейі, Астана қаласы Оқушылар сарайы, Астана қаласы №2 Өнер мектебі, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы «Қайнар» білім беру-бос уақытын қамту кешені, Батыс Қазақстан облысы Облыстық балалар-жасөспірімдер туризм орталығы, Астана қаласы Жас туристер станциясы, Шымкент қаласы Жас туристер станциясы педагогтерінің ұсынған жұмыстары өзекті де маңызды болып табылады.

Өткізілген Конкурс балаларға қосымша білім беру үшін пайдаланатын қызмет түрлерінің әр түрлілігін көрсетті. Конкурсқа қатысушылар ұсынған жұмыстар қосымша білім педагогтерінің әдістемелік қорын кеңейтеді, қосымша білім беру жүйесін жетілдіруге үлес қосады.

Конкурс қатысушылардың жоғары кәсіби деңгейін көрсетті, үздік педагогикалық тәжірибені анықтады, білім алушылардың мәдениетін қалыптастыру, оларды қоғам өміріне бейімдеу, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік потенциалын дамыту саласында міндеттерді шешу жолдарының жаңа белестерін ашты.

**«ӘДІСТЕМЕЛІК ВЕРНИСАЖ»
ӘДІСТЕМЕЛІК ИДЕЯЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ
ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ**

ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТ	
Номинация: <i>«Балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары»</i>	
I орын	Ускенбаева Гулбану Базарқұлқызы, «Пікірсайыс» клубы білім беру бағдарламасы. Балалар мен жасөспірімдер орталығы, Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы.
II орын	Савельева Александра Игоревна, «Сказочник» прикладной курс к программе «Развитие речи» для детей 5-7 лет. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
II орын	Петлина Ирина Аманжоловна, Комплексная образовательная учебная программа дополнительного образования «Я познаю мир». «Қайнар» білім беру-бос уақытын қамту кешені», Екібастұз қаласы, Павлодар облысы.
III орын	Аракелян Сусанна Дерениковна, Программа дополнительного образования «Армянский язык и литература». «Школа национального возрождения им. Даржумана», г. Павлодар.
III орын	Укубаева Бақытгуль Тлебалдиновна, «Қазақ тілінен қызықты грамматика» балалар шығармашылық бірлестік үйірмесінің бағдарламасы. Шығармашылық үйі, Шемонаиха қаласы, Шығыс Қазақстан облысы.
III орын	Куспекова Гульнара Абдиманановна, «Домбыра» үйірмесінің бағдарламасы. «Балдаурен» балалар шығармашылық орталығы, Талдықорған қаласы, Алматы облысы.
Ынталандыру	Остапенко Елена Петровна, Образовательная программа семейного клуба «Кроха». «Әлем» балалар-жасөспірімдер орталығы, Теміртау қаласы, Қарағанды облысы.
Ынталандыру	Арапова Алмагүл Бақытжанқызы, «Жас қаламгер» үйірмесінің бағдарламасы. «Балдаурен» балалар шығармашылық орталығы, Талдықорған қаласы, Алматы облысы.
Ынталандыру	Қарғабаева Клара Дүйсеновна, «Бейнелеу өнері» үйірмесінің бағдарламасы. «Балдаурен» балалар шығармашылық орталығы, Талдықорған қаласы, Алматы облысы.
Ынталандыру	Кожантаева Салтанат Кужабергеновна, «Кілем тоқу» үйірмесінің бағдарламасы. Қызылорда қалалық білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Қызылорда қаласы.
Номинация: <i>«Білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету»</i>	
I орын	Мадиева Зауреш Туяковна, Жармаганбетова Бахытжан Мағымжановна, Благодарных Юлия Сергеевна, «Балдырған». Рабочая тетрадь по казахскому языку для детей 6-7 лет. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
I орын	Мадиева Зауреш Туяковна, Жармаганбетова Бахытжан Мағымжановна, Благодарных Юлия Сергеевна, «Балапан». Рабочая тетрадь по казахскому языку для детей 4-5 лет. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
I орын	Мадиева Зауреш Туяковна, Жармаганбетова Бахытжан Мағымжановна, Благодарных Юлия Сергеевна, «Балақай». Рабочая тетрадь по

	қазақсому язуы дүәі 5-6 лет. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
I орын	Нақыпов Талғат Абылқайырұлы, 6-сыныптың Ежелгі дүние тарихына арналған жұмыс дәптері. №51 М.Қаратаев атындағы орта мектебі, Жаңақорған кенті, Қызылорда облысы.
II орын	Мустафина Нина Нығметғалиевна, Нургашева Наталья Олеговна, «АБВГДЕЙКА». Рабочая тетрадь по обучению грамоте для детей 5-6 лет. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
II орын	Умеренкова Этлана Сергеевна, Рабочая тетрадь по английскому языку для детей 5-6 лет. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
II орын	Умеренкова Этлана Сергеевна, Рабочая тетрадь по английскому языку для детей 6-7 лет. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
III орын	Голунова Ирина Николаевна, Рабочая тетрадь по английскому языку для детей 4-5 лет. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
III орын	Баишева Гульжан Адильбековна, Программа занятий по подготовке к сдаче выпускных экзаменов и Единого Национального тестирования с элементами психологического тренинга. Балалар шығармашылық мектебі, Қостанай қаласы.
III орын	Садиров Лыдырбек Бағитжанович, Внеклассная работа по военно-патриотическому кружку «Жас кадет». И.Сьянов атындағы орта мектебі, Әулікөл ауданы, Қостанай облысы.
III орын	Адилова Айгул Уахитовна, Салауатты өмір үшін. Жалпы білім беретін Исатай орта мектебі, Атырау облысы.
III орын	Арапова Алмагүл Бақытжанқызы, «Жас қаламгер» үйірмесінің даму мәселелері. «Балдаурен» балалар шығармашылық орталығы, Талдықорған қаласы, Алматы облысы.
III орын	Сатыбалдинова Ардақ Нұрмолдақызы, Марқабаета Бақыт Хайдарқызы, Абдуллина Жанилсын Жексенбековна, Қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру. «Балдаурен» балалар шығармашылық орталығы, Талдықорған қаласы, Алматы облысы.
Ынталандыру	Борщ Алла Германовна, Смышляева Елена Петровна, Игры на местности как форма гражданско-патриотического воспитания. Бірінші қалалық жалпы білім беретін мектеп лицей, Петропавл қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы
Ынталандыру	Тулегенова Гулнар Нурдаулетовна, «Томирис» әскери-патриоттық клубының іс-тәжірибесінен. Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы, Оңтүстік Қазақстан облысы.
Номинация: <i>«Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының әдістемелік қызметін көрсететін материалдар»</i>	
I орын	Касенова Асем Жумабековна, Комплексная программа летней кампании «Жазғы бенефис». «Радуга» мектептен тыс жұмыс орталығы, Щербакты ауданы, Павлодар облысы.
II орын	Есимханова Айткуль Джинакбаевна, «Халықтар достығы мұражайы – татулық мекені» іс-тәжірибеден. Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы, Оңтүстік Қазақстан облысы.
III орын	Москова Наталья Григорьевна, Болдишор Ирина Васильевна, Кенжина Зауре Елубаевна, Программа инструктивно-методической деятельности по реализации компетентностного подхода в образовательном пространстве. Балалар мен жасөспірімдер экология және туризм орталығы, Павлодар қаласы.
III орын	Юнацкая Елена Викторовна, Модель психологического сопровождения

	выбора профессиональной сферы деятельности учащихся. Гимназия № 93, Қарағанды қаласы.
ІІІ орын	Сапарбаева Балиха Корманбаевна, «Мектеп жастары ассоциациясының» іс-тәжірибесінен. Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы, Оңтүстік Қазақстан облысы.
Ынталандыру	Сисенова Алия Галлямовна, Ярлов Владислав Петрович, О детском туризме замолвите слово. Облыстық балалар-жасөспірімдер туризм орталығы, Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.
КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ БАҒЫТ (көркемөнер)	
Номинация: «Балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары»	
Бас жүлде	Булгакова Наталья Андреевна, Образовательная программа «Обучение слабослышащих детей изобразительной деятельности с элементами арттерапевтических технологий на базе художественной школы». Балалар көркемөнер мектебі, Көкшетау қаласы, Ақмола облысы.
І орын	Кусалиева Ботагоз Болаткалиевна, Клявина Инна Михайловна, Земская Антонина Вячеславовна, Программа дополнительного образования по компьютерной графике и дизайну для учащихся 5-6 классов Городского художественного лицея, Ақтөбе қаласы.
ІІ орын	Огилько Галина Михайловна, Воспитательно-обучающая программа «И оживает глина». Балалар шығармашылық орталығы, Аршалы ауданы, Ақмола облысы.
ІІІ орын	Сүлеймен Тимур Каратауияұлы, «Жас зергер» үйірмесінің авторлық бағдарламасы. Ақжайық аудандық білім бөлімінің балалар шығармашылығы орталығы, Батыс Қазақстан облысы.
Ынталандыру	Каркавина Елена Александровна, Авторская образовательная программа по изобразительному искусству «Развитие творческих способностей учащихся в результате обучения изобразительной деятельности». Оқушылар сарайы, Павлодар қаласы.
Номинация: «Білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету»	
Бас жүлде	Фабричнова Валентина Егоровна, Методическое пособие по лепке «Волшебный пластилин». Дворец детей и юношества, г.Қарағанда.
І орын	Исаинова Марина Михайловна, Хусинова Роза Рашидовна, Хигай Диана Георгиевна, Учебно-методическое пособие «Флористика». Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
ІІ орын	Сейтжанова Роза Куандыковна, Формирование художественно-эстетических и творческих способностей учащихся на занятиях декоративно-прикладного искусства. Оқушылар сарайы, Астана қаласы.
ІІІ орын	Колесникова Екатерина Витальевна, Учебно-методическое пособие «Использование традиционных и нетрадиционных методов в обучении детей рисованию». Балалар мен жастар сарайы, Семей қаласы.
Ынталандыру	Бирназарова Алма Салкеновна, «Давайте рисовать» методическое пособие по изобразительному искусству для детей дошкольного возраста. Балалар шығармашылық мектебі, Қостанай қаласы.
КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ БАҒЫТ (музыкалық)	
Номинация: «Балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары»	
І орын	Жилкибаева Ажар Шашкеновна, «Эстрадный вокал». Рабочая образовательная программа для школ дополнительного образования

	(срок обучения 5 лет). № 2 Өнер мектебі, Астана қаласы.
II орын	Чибирева Валерия Руслановна, Учебная программа по дисциплине «Музыкальная литература зарубежных стран, русская и современная российская» для музыкальных школ. Глинка атындағы Балалар музыка мектебі, Екібастұз қаласы, Павлодар облысы.
III орын	Кембилова Гульжазира Актаевна, Авторская программа для кружка «Домбыра». «Жас Ұлан» Оқушылар үйі. Ұзынағаш селосы, Алматы облысы.
III орын	Андреева Светлана Николаевна, Образовательная программа дополнительного образования по предмету «Фортепианный ансамбль» для детских музыкальных школ, школ искусств. Өнер мектебі, с. Боровское, Меңдіқары ауданы, Қостанай облысы.
Ынталандыру	Кашкенова Ләйлә Қалмағамбетқызы, «XIX-XX ғасырдағы атақты күйші, композиторлар» атты авторлық бағдарлама. Балалар мен жасөспірімдер орталығы, Мойынқұм ауданы, Жамбыл облысы.
Номинация: «Білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету»	
Бас жүлде	Корганбекова Шолпан Дильдабековна, «Шаттан, Елім» методическая разработка партитуры для оркестра детской музыкальной школы. Оқушылар сарайы, Астана қаласы.
I орын	Бугинас Брониславас Казисович, Раннее музыкальное развитие. Загадки о казахских народных музыкальных инструментах. Оқушылар сарайы, Астана қаласы.
II орын	Автомонова Наталья Валентиновна, Работа над произведениями П.И. Чайковского в классе фортепиано детской музыкальной школы. Балалар музыка мектебі, Бүрлі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.
II орын	Шырдаева Гүлмира Қарайқызы, Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде оқушыларға домбыра үйрету әдіс-тәсілдері. Қызылорда қалалық өнер мектебі, Қызылорда облысы.
III орын	Беликина Светлана Егоровна, Игры, задачи и упражнения на развитие интеллекта у учащихся музыкальных школ. Балалар музыка мектебі, Зырянск қаласы, Шығыс Қазақстан облысы.
III орын	Габбасова Айнагуль Аманжоловна, «Қобыз аспабын сатылай үйрену» әдістемелік нұсқаулық. Теректі ауданы №3 Балалар саз мектебі, Батыс Қазақстан облысы.
III орын	Подосинникова Валентина Васильевна, Сборник методических рекомендаций «Особенности музыкальных занятий с детьми дошкольного возраста». Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
Ынталандыру	Михно Ирина Владимировна, Электронная презентация «Виды оркестров. Инструменты симфонического оркестра». Балалар музыка мектебі, Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан облысы.
Ынталандыру	Кучикова Гулнара Бряновна, Комплексно-одаренная программа «Одаренные дети». № 1 Балалар музыка мектебі, Қостанай қаласы.
Ынталандыру	Щеглова Елена Викторовна, Голубцова Алла Евгеньевна, Программа опытно-экспериментальной работы «Развитие музыкально-эстетических способностей учащихся на основе ассоциативных связей различных видов искусств». Балалар музыка мектебі, Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан облысы.
ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАҒЫТ	
Номинация:	

«Балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары»	
ІІІ орын	Оразов Қайрат Кемалұлы, «Электроника» үйірмесінің қосымша білім беретін оқу бағдарламасы. Оқушылар үйі, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.
Номинация: «Білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету»	
ІІ орын	Горбунова Галина Зотовна, Кравцова Ирина Донгиновна, Организация научного общества учащихся в образовательном учреждении. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
ІІІ орын	Цюпай Василий Петрович, Творческие проекты технического кружка. Балалар шығармашылық үйі, Қамысты селосы, Қостанай облысы.
ЭКОЛОГИЯ-БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ БАҒЫТЫ	
Номинация: «Балаларға арналған қосымша білім беретін оқу бағдарламалары»	
І орын	Анаисова Людмила Валентиновна, Образовательная учебная программа дополнительного образования «ЭКОС», Приложение к образовательной программе. Балалар шығармашылық үйі, Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.
І орын	Мелихова Галина Валерьевна, Экспериментальная образовательная учебная программа «Юные краеведы-географы» для детей с ограниченными возможностями здоровья. Облыстық жас туристер станциясы, Шымкент қаласы.
ІІ орын	Атамкулова Минара Даулесовна, Программа дополнительного образования «Туризм и краеведение». «Медеу» жас туристер станциясы, Алматы қаласы.
ІІ орын	Қажыгерей Гүлбақыт Маралқызы, «Әдеби өлкетану» үйірмесінің бағдарламасы 8-10 сынып оқушыларына арналған. «Атамекен» калалық балалар-жасөспірімдер туризмі және экологиялық орталығы, Батыс Қазақстан облысы.
ІІ орын	Волкова Виктория Геннадьевна, Образовательная учебная программа дополнительного образования «Садоводство». Облыстық балалар биологиялық орталығы, Семей қаласы, Шығыс Қазақстан облысы.
ІІ орын	Махмутова Любовь Леонидовна, Образовательная программа курса «Экодизайн». Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
ІІІ орын	Горохова Валентина Владимировна, Комплексная образовательная учебная программа дополнительного образования «Школа здоровья». «Қайнар» білім беру-бос уақытын қамту кешені», Екібастұз қаласы, Павлодар облысы.
ІІІ орын	Сайфуллин Халил Хамзаевич, Попова Марина Анатольевна, Программа курса по выбору «Практикум по экологии» для учащихся VIII-IX классов. Гимназия № 9, Қарағанды қаласы.
ІІІ орын	Керхер Елена Густавовна, Авторская образовательная учебная программа «Юные спасатели». Облыстық жас туристер станциясы, Шымкент қаласы.
Ынталандыру	Сейтбаева Гульсана Байгуттиевна, «Атамекен» үйірмесінің білім беру бағдарламасы. Балалар мен жасөспірімдер орталығы, Рысқұлоа ауданы, Жамбыл облысы.
Номинация: «Білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету»	
І орын	Шаяхметова Галина Мичиславовна, Комплекс программно-методических пособий. Жас туристер станциясы, Астана қаласы.
І орын	Доскалиева Надежда Садановна, Қайрлиева Құралай Жауынбайқызы,

	Приуральеведение. Облыстық балалар-жасөспірімдер туризм орталығы, Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.
II орын	Жакупов Қабанбай Бекетович, «Өлкетану экспедициясының процесіндегі үйірме тәрбиеленушілерінің ізденіс-зерттеу жұмысының дамуы». Жас туристер станциясы, Астана қаласы.
III орын	Давыдова Сария Назиповна, Использование краеведческого материала на уроках и во внеклассной работе. «Атамекен» қалалық балалар-жасөспірімдердің туризм және экология орталығы, Батыс Қазақстан облысы.
Ынталандыру	Хажиньязова Татьяна Николаевна, Пешком по родному краю. Балалар мен жасөспірімдер сарайы, Қарағанды қаласы.
Ынталандыру	Сайтгараева Мадена Жамайқызы, Амиржанова Любовь Жансұлтанқызы, «Табиғат және біз» таңдаулы курс. Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Көктал орта мектебі, Қостанай облысы.
Ынталандыру	Жаилганова Назира Каировна, Методические рекомендации по организации кружка «Живой организм». Жас натуралистер станциясы, Лисаковск қаласы, Қостанай облысы.